

Азаматтардың жекелеген санаттарына тістерін тегін протездеуге (бағалы металдардан протездеуден басқа) әлеуметтік көмек көрсету Қағидасын бекітуі туралы

Күшін жойған

Астана қаласы Әкімдігінің 2004 жылғы 9 желтоқсандағы N 3-1-1905қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 28 желтоқсанда N 365 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 23-887қ қаулысымен

Ескерту: Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 23-887қ қаулысымен

"Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заң күші бар Жарлығына сәйкес, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтардың жекелеген санаттарына тісті тегін протездеуге (бағалы металдардан протездеуден басқа) әлеуметтік көмек көрсету Қағидасы бекітілсін (бұдан әрі - Қағида).

2. Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 26 ақпандағы N 3-1-603қ "2004 жылы азаматтардың жекелеген санаттарына тістерін тегін протездеуге (бағалы металдардан протездеуден басқа) әлеуметтік көмек көрсету Қағидасын бекіту туралы" қаулысының (Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 26 н а у р ы з д а N 319 болып тіркелген; 2004 жылғы 10 сәуірдегі N 47 "Астана ақшамы", 2004 жылғы 8 сәуірдегі N 40 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) күші ж о й ы л д ы деп т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары М.Е. Толыбаевқа жүктелсін.

Әкім

Әкімнің бірінші орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкім аппаратының басшысы

"Астана қаласының Қаржы
департаменті" мемлекеттік

мекемесінің директоры

Құжаттамалық сараптама
бөлімі меңгерушісінің

міндетін атқарушы

"Астана қаласының Денсаулық
сақтау департаменті" мемлекеттік

мекемесінің директоры

"Астана қаласының Еңбек,
халықты жұмыспен қамту және
әлеуметтік қорғау департаменті"
мемлекеттік мекемесі

бастығының міндетін атқарушы

Астана қаласы әкімдігінің
2004 жылғы 9 желтоқсандағы
N 3 - 1 - 1905 қ қаулысымен

бекітілген

**Азаматтардың жекелеген санаттарына тістерін
тегін протездеуге (бағалы металдардан протездеуден басқа)
әлеуметтік көмек көрсету**

Қағидасы

Осы Азаматтардың жекелеген санаттарына тістерін тегін протездеуге (бағалы металдардан протездеуден басқа) әлеуметтік көмек көрсету Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заң күші бар Жарлығына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Тістерін тегін протездеуге (бағалы металдардан протездеуден басқа) әлеуметтік көмек азаматтардың мына санаттарына:

- 1) Ұлы Отан соғысына қытысқандар, мүгедектер және оларға теңестірілген адамдарға;
- 2) жасы бойынша зейнеткерлерге;
- 3) 1, 2 топ мүгедектеріне;

4) төрт және одан көп бірге тұратын кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар (оның ішінде жоғары және орта арнайы оқу орындарында оқитын балалары, олар кәмелеттік жасқа толғаннан кейін - олардың оқу орнын бітірген уақытына дейін) көп балалы аналарға (анасының болмауы жағдайында - әкесіне, не қорғаншыға немесе қамқоршыға) ұсынылады.

2. "Жергілікті өкілетті органдар шешімі бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдер" бағдарламасының әкімшісі (бұдан әрі - Бағдарлама) Астана қаласының Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті (бұдан әрі - Әкімші) болып табылады.

3. Әкімші мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган - Астана қаласының Денсаулық сақтау департаменті (бұдан әрі - Уәкілетті орган) өзара байланыс жасай отырып, Бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз етеді.

4. Бағдарламаны іске асыру мақсатында Әкімші, Уәкілетті орган және азаматтардың жекелеген санаттарына тістерін тегін протездеуге (бағалы металдардан протездеуден басқа) әлеуетті жабдықтаушысын анықтау жөніндегі ашық конкурс жеңімпазы (бұдан әрі - Жеңімпаз) арасында тараптар міндеттері мен ол міндеттерді орындау жағдайы көрсетілген шарт жасалады.

5. Азаматтардың жекелеген санаттарына тістерін тегін протездеуге (бағалы металдардан протездеуден басқа) әлеуметтік көмек көрсету үшін жеке басының куәлігі және осы Қағиданың 1-тармағында көрсетілген азаматтар санатына жататындығын растайтын куәлік негіздеме болып саналады.

2. Қаржыландыру және қызметтер көрсету тәртібі

6. Азаматтардың жекелеген санаттарына тістерін тегін протездеуге (бағалы металдардан протездеуден басқа) әлеуметтік көмек көрсетудің қаржыландыру көзі Астана қаласының бюджеті болып табылады.

7 . Ә к і м ш і :

1) осы Қағиданың 1-тармағында көрсетілген азаматтардың жекелеген санаттарына тістерін тегін протездеуге (бағалы металдардан протездеуден басқа) Уәкілетті орган ұсынған салыстырылған тізілім мен орындалған жұмыстар актілері негізінде қала бюджетінде тиісті қаржы жылына көзделген қаражаттар шегінде тікелей Жеңімпазға шығындар төлемін жүргізеді;

2) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қалалық филиалының мәліметтер базасынан Жеңімпаздардың ұсынған тістерін тегін протездеу қызметтері көрсетілген адамдар тізімін салыстыруды жүзеге асырады.

8 . У ә к і л е т т і о р г а н :

1) тиісті жылына азаматтардың жекелеген санаттарына тістерін тегін протездеу (бағалы металдардан протездеуден басқа) бойынша қызметтерді

әлеуетті жабдықтаушыларды анықтау жөніндегі ашық конкурс хаттамасымен бекітілген бағаларына сәйкес жұмыс құны мен Қағиданың 1, 2-қосымшаларына сәйкес Жеңімпаздар ұсынған тізілімдер мен орындалған жұмыстар актілерін ай с а й ы н с а л ы с т ы р у д ы ;

2) ай сайын келесі айдың 10 күніне дейін Әкімшіге көрсетілген қызметтердің салыстырылған тізілімдер мен орындалған жұмыстар актілерін беруді жүзеге а с ы р а д ы .

9. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар жасағаннан кейін Жеңімпаздар халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы осы Қағиданың 1-тармағында көрсетілген азаматтар санаттарына тістерін тегін протездеу жүргізілетіні туралы х а б а р д а р е т е д і .

10. Тістерін тегін протездеуге құқы бар азаматтар Жеңімпаздардан дәрігерлік тексерістен өтеді және тіс протездеуді (бағалы металдардан протездеуден басқа) қажет етуші ретінде тіркеледі.

11. Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен мүгедектерге және оған теңестірілген адамдарға тістерін тегін протездеу (бағалы металдардан протездеуден басқа) жөніндегі қызметтер кезектен тыс көрсетіледі.

Азаматтардың қалған санаттарына тістерін тегін протездеу (бағалы металдардан протездеуден басқа) кезек тәртібінде көрсетіледі.

12. Осы Қағиданың 1-тармағында көрсетілген азаматтар санаттарына тістерін тегін протездеу құқығы жылына бір рет беріледі.

13. Жеңімпаз тіс протездерін дайындау, жөндеу және орнату (бағалы металдардан протездеуден басқа) жөніндегі жұмыстарды тиісті жылға арналған азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тістерін протездеуге жабдықтаушысын анықтау жөніндегі ашық конкурс нәтижесі жөніндегі хаттамасымен бекітілген бағаларға сәйкес жүзеге асырылады.

14. Жеңімпаздар ай сайын келесі айдың 5 күніне дейін уәкілетті органға Қағиданың 1, 2-қосымшаларына сәйкес тізілімдер мен орындалған жұмыстар а к т і л е р і н ұ с ы н а д ы .

15. Жеңімпаздар сапалы қызметтің көрсетілуін қамтамасыз етуге міндетті. Сапасыз қызметтің көрсетілгені жөнінде деректер анықталған жағдайда Жеңімпаздар оларды өз қаражаты есебінен жоюға міндетті.

Азаматтардың жекелеген санаттарына
тістерін тегін протездеуге (бағалы
металдардан протездеуден басқа)
әлеуметтік көмек көрсету Қағидасына

200_жылды_____тістерін тегін протездеу

(а й ы)

бойынша көрсетілген қызметтер

ТІЗІЛІМІ

N	Аты-жөні	Тұратын	Мәртебесі	(көп балалы	банк	Сомасы
p/c		мекен-жайы		ананың)		филиа-
				зейнетақы		лының
				куәлігінің		нөмірі
				нөмірі		

Қызметтерді жеткізушінің
 басшысы _____
 (қолы) (Аты-жөні)

М.О.

Азаматтардың жекелеген санаттарына
 тістерін тегін протездеуге (бағалы
 металдардан протездеуден басқа)
 әлеуметтік көмек көрсету Қағидаларына

2-қосымша

Орындалған жұмыстар

АКТІСІ

Протездел-	Әлеуметтік	Орындалған	Орындал-	Қызмет-	Жалпы	Протез-
геннің	мәртебесі	жұмыстардың	ған жұмыс	тердің/	құны	делгенің
аты-жөні		мерзімі	тардың	жұмыс-		қолы
			түрлері	тардың		
				құны		

Қызметтерді жеткізушінің
 басшысы _____
 (қолы) (Аты-жөні)

М.О.